

выков самообразования, научно-исследовательской деятельности.

5. Формировать у уч-ся жизненной компетентности личности.

6. Использовать технологию проектов как одну из личностно развивающих технологий.

7. Вести работу с одаренными детьми путем использования технологии проектов с целью повышения мотивации обучения и повышения интереса к изучаемому предмету.

8. Учить уч-ся работать в творческих группах.

В заключении своей работы я хотела сделать следующий вывод: получение любого результата образования требует адекватных педагогических технологий, новая 12-летняя школа требует образовательной технологии, поддерживающей компетентностный подход в образовании. Можно считать, что такой технологией является метод проектов, который по своей дидактической сущности нацелен на формирование способностей, позволяющих эффективно действо-

вать в реальной жизни.

Я думаю, что творческий поиск, использование в своей работе различных инновационных технологий и в первую очередь технологии проектного обучения на основе технологии программированного обучения и технологии личностно-ориентированного обучения делают труд каждого учителя бесценным, результативность работы такого учителя, конечно же, высока!

ЛИТЕРАТУРА

1. «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования». Е.С. Полат.
2. «Технология проектирования» У.Б. Жексенбаева, Г.Б. Ниязова. Ж. «Новая школа».
3. «Метод проектов на уроках иностранного языка» ж. «Ин. языки в школе» №2, 2000г.
4. «Проектный подход и требования к учителю» ж. «Ин. языки в школе» №3, 2000г.

Хамзина К.Б.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
аға оқушысы

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ - ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуына мүмкіндік беретін басты негіздердің бірі «халқымыздың сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап түлете беру» – деп көрсетілген.[1,б.2]

Жолдауда көрсетілгендей дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау үшін әлеуметтік сала қызметкерлеріне, оның ішінде мәдениет пен білім беру ісіндегі қызметкерлерге бір нәрсе ауадай қажет және ол біздің бағыт-бағдарымызды айқындайтын нысана болуы керек..

Қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігіміз – тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық және тағы басқалары. Ал, жас ұрпақ санасында осы аталғандар мен басқа да қажетті руханилықтар болмайынша еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы мен барлық ұлтқа қызмет етеді деуі қиын. Ендеше, білім беру санасында әлемдік тәжірибелерді үйрене отырып этномәдени білім беру мен тәрбиені еш уақытта естен шығаруға болмайды.

Тіл – дүниеде адамзатқа ғана тән баға жетпес қасиет, ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты, халықтың ғасырлар бойы жинаған рухани қазына-

сының жиынтығы, рухани байлығын сақтайтын қоймасы. Бұл туралы тарихымызда талай кемеңгерлер, ғалымдар айтып кеткен. Ана тілі-әр адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен, ғасырлар бойы жинаған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры.

Ұлттық тіл-әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін ғана көрсетіп қоймайды, олардың ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс-тіршілігі мен сезім-түйсігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күретамыр. Тіл адам тарихымен тамырлас, ұлт тағдырымен түптес. Тіл отанның жүрегі, елдік пен азаматтықтың тірегі. Тіл кез-келген халықтың ұлттық белгісі, символы. Сондықтан толыққанды тілсіз, толыққанды ұлт болмауы мүмкін емес, ұлттық сана-ұлттық тілмен қалыптасады. Адамгершілікті қалыптастыратын игілікті адам алдымен ана тілі арқылы қабылдайды, бағалайды.

Бүгінде әлемнің көптеген мемлекеттері танып отырған егеменді елміз. Сол елдің егемендігінің бір өрісі тіл мен тіл мәдениеті. Тілде әр халықтың өмір сүру деңгейі мен дәрежесі, әрбір ұлттың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері мен ережесі қалыптасады. Сондықтан тіл мәдениетін қалыптастыруда бағдарламалық негіз, кәсіптік талдау және мемлекеттік қолдау керек. Мемлекеттік тіл – көп ұлтты мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамастан іс қағаздарын, мектеп пен жоғарғы оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөзбен байланыс орындарында, құқық қорғау мен әскери бөлімдерде, сот істерін жүргізуде тағы басқа міндетті деп саналатын саяси-құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл. [2,б.272]

Жалпы этномәдени білім беру тіл тазалығын қолдайды. Осы тұрғыдан алғанда бұрын тілімізде болған, бірақ қазіргі заманғы тілдік айналымнан шығып қалған сөздерді пайдалану қажет, мүмкін болса тілді шұбарламаған жөн.

С.Торайғыров – тіл тазалығы

үшін күрескен ақын. Ол жастардың азығы – әдеби кітаптардың тілінің таза, түсінікті болуын талап етеді. С.Торайғыров идеясы бүгінгі күн мәселесіне сәйкесіп тұр. [3,б.7]

Тіл практикасында дүниені қабылдау және ойластыру және қалпы бір текті болмайды. Тіл сындыру, тіл тану, тіл таныту, тіл дамыту – тіл практикасының мәдени көріністері мен өрістері болып табылады. Тіл мәдениеті кішіге де үлкенге де, оқырмандарға да, біліксіз бен білімсізге де, білімдіге де қажет. Өйткені тіл қатынас құралы десек, біз күнделікті өмір де оны қолданбай өмір сүре алмаймыз. Ендеше, тіл мәдениеті тек жазба тілге ғана емес, ауыз екі тілге қатысты. Ал, үлкенді-кішілі аудиторияларда оқитын дәрістеріміз осы соңғысына жатады, бірі алдыңғысымен тығыз байланысты. Себебі ХХ–ХХІ ғасыр қағаз және компьютерлер ғасыры болып кетті.

Тіл мәдениетіне қатысты айтқанда, алдымен біздің әр түрлі мамандықтарымыз, кейбір оқу орындарында «қазақ тобы» болып аталғанымен әлі күнге дейін орыс тілінде жүргізіліп келеді. Бұған кім кінәлі? Әрине, ауылдан білім алуды аңсап келген қазақтың қара көз балаларының көңілін су сепкендей басуда. Оған жастарымыз жазықты ма? Әлде мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) білім беретін оқытушылар жоқ па? Осындай жағдайлардан кейін тіл мәдениетінің қаншалықты деңгейде екенін біле алмай келеміз.

Біз төл тілімізді, мәдениетімізді маңсұқ етіп, халықтық тәлімнің ақ уыз шырынынан нәр беретін текті тәрбиеге қайтадан қол жеткізе алмай отырмыз. Қазақтың ұлттық мектебінің, оқу орындарының өзімізге ең оңтайлы да тиімді, ХХІ ғасырға лайық, әлемдік өркениет көшіне ұялмай еретін, дамыған елдермен терезе теңестіретін үлгісін жасау ісі бір ғана ұлттың мәдениеті мен дәстүрінің шеңберінде тәрбиелейтін таза ұлттық білім ордаларының (мектеп, колледж, институт, универси-

тет, академия т. б.), тұжырымдамасын уағыздайтындар да, әлемдік мәдениеттің шашбауын көтеріп, ұлттық мәдениет пен ұлттық қазына, рухани байлық, салт-дәстүрлерді көзіне ілгісі келмейтіндер де аз емес.

Қазақ тілінде мәңгілік құндылық, замани құндылық және ұлттық құндылық деген деген үлкен философиялық-танымдық ұғымдар бар. Осылардың бәрі тілге қатысты, тілсіз бұларды елестете алмайсың. Жаратылыстың басты ұғымы-АДАМ. Ал адамға тіл, дін, діл, тән. Адам баласы салт-дәстүрсіз, адамгершіліксіз өмір сүре алмайды. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағылыммен келеді. Қазіргі заман тілімен айтсақ оқу мен тәрбиемен келеді. Ендеше, біздің оқуымыз да, тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек.

Этномәдени білім мен тәрбие отансүйгіштікті қалыптастыру үшін өте қажет. Отан от басынан басталады. Тіл де отбасында қалыптасады, содан кейін әлеуметтік ортаға шығады. Көшедегі кейбір көргенсіз ұл-қыздарымыз да осы отбастарынан шығады.

Мемлекеттің қалыптасып кетуі құндылықтарымызға байланысты. Халық құндылықтарының ең бастысы-тіл. Өйткені сол тілмен біздің ұлтымыз аталған, мемлекетімізде солай аталады. Ендеше, жай шенеуніктердің қабылдауынан бастап, жоғардағы барлық қабылдаулар ұлттық тілімізде болуы қажет.

Халқымыздың ең басты құндылықтарының бірі де тіл және сөз өнері. Халқымыз не бір қиын-қыстау кездерде, тығырыққа тірелгенде сөз өнерін, тіл құдыретін пайдаланған. Қазақ қана: «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп сөз бастаған және «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деп ескерткен. Сондықтан да қазақ: «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табатынын», және де «басқа бәле тілден» екенін ескертуді ұмытпаған.

Этномәдени білім беру арқылы біз ұлттық рухымызды тіктеуіміз керек. Рух-әрбір адамның әлеуетін аша-

тын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын халық даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі. Егер жастарды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ, олардың көкейіне ұлттық рух сепсек, біз ұлттық рухы бар ел боламыз. Ал, ұлттық рухы бар ел өз ерлерін, өз әлеуметін қорлатпайды, қайта қорғайды. Аталарымыз: «бөріктің намысы бір», «өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр» – дейді деп сөз қалдырған. Абай атамыз болса, бірлікке шақырып «бірінді қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос»-дейді.

Ұлтқа рух беретін тектілер. Тектілік қасиет. Этномәдени тәрбие тектіні, дарынды, дананы, талантты құрметтеуге үйретеді. Өйткені: «Ақ ниетті, ақ жүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» – деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ұлтты ілгерлететін солар. Ұлттық рухты жоғары ұстауымыз үшін этникалық біліміміз бен білігіміз, ішкі рухани құндылығымыз болуы керек.[4,б.3]

Жастарға тәлім-тәрбие беруде тұлға қалыптастыру қажет. Ал қазақ оны тұлғалылық дейді. Бұл да рухты адамға, рухты ұлт ұрпақтарына тән қасиет. Себебі, нағыз тұлға – сөз ұғатын, сөзін ұқтыратын, сөзінде тұратын тыңғылықты жан. Ал, бұлар орданды ойсыз, тиянақты тілсіз алдырмайтын асулар.

«Ұлттық рухта тәрбиелеудің негізгі жолы – оқу жұмысы. Демек, ұлттық рух оқушылардың сана сезіміне, ең алдымен, мектептегі оқу кезінде, дәріс үстінде сіңіріледі. Әрбір оқытушы қай пәнді оқытып тұрса да ұлттық рухта тәрбиелеу жұмысын ұмытпауы керек. Әрбір мұғалім ең алдымен оқушылардың патриоттық, Отаншыл сезімін дамытып, оның Отаншыл көзқарасын қалыптастырып, оқушылардың сана-сезіміне патриотизмді өркендетіп, күшейте беруге тиіс» – деп С.Көбеев ұлттық рух оқушының жақсы оқуда, өзінің қабілеті жететін әр түрлі қоғамдық жұмыста белсене қатысуында көріне беруі тиіс деп тұжы-

рымдайды.[5,б.15]

Ұлттық білім, рухани сабақтас-тық негізі. Этностар дамуында оның дүниетанымдық, рухани көздерін елемеу – ұлтсыздандыруға апаратын жол. Қазіргі жаһандану заманында бұл өте қауіпті жол. Сондықтан әңгіме әлемдік білім беру жүйесін көшіріп алуда емес, қажетімізше пайдалануда болуы керек. Осы орайда, тағы бір айтарымыз, бізге жеделдетіп шет елдердің оқу технологиясына көшкеннен гөрі, жалаң білім беруден, білікке көшкеніміз жөн. Біздіңше, «білім мың жылдық емес, білік мыңжылдық». Ендеше, жастарымызды біліктілікке жетелейтін этномәдени білім арқылы, қазақи болмысымызбен

асулардан аса берелік. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыздың оған рухани күші де, ақыл – парасаты да, қажыр-қайраты да жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2006.
2. ҚАЗАҚ ТІЛІ. Энциклопедия, Алматы – 1998.
3. Ақылдың кені (Құрастырған Қ.Жарықбаев) Алматы, 1991.
4. Иманбаева С. Ерлік тағылымы. Алматы, 1998.
5. Сәдуақасов Е. Көбейұлының мұралары. Алматы, 1989.

Шварцкоп О.Н., студентка

Бугайцова А.А., студентка

Костанайский государственный педагогический институт

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ОБЪЕКТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

В современном мире прогресс совершенствования программиста достигается только в тех случаях, когда часть интеллектуальной нагрузки берут на себя компьютеры. Одним из способов достигнуть максимального прогресса в совершенствовании процесса подготовки программиста является применение дидактической составляющей искусственного интеллекта, когда компьютер берет на себя не только однотипные, многократно повторяющиеся операции, но и сам сможет обучаться. Создание полноценного «искусственного интеллекта», способного к самообучению, открывает перед человечеством новые горизонты развития.

Термин интеллект (intelligence) происходит от латинского intellectus – что означает ум, рассудок, разум; мыслительные способности человека. Соответственно искусственный интеллект (artificial intelligence) – ИИ (AI) обычно трактуется, как свойство автоматических систем брать на себя

отдельные функции интеллекта человека, например, выбирать и принимать оптимальные решения на основе ранее полученного опыта и рационального анализа внешних воздействий.

Искусственный интеллект на базе вычислительной системы – это выполнение действий компьютером, которые являются прерогативой человеческого интеллекта, понимание человеческого речи, принятие решений и самообучение.

С конца 40-х годов ученые более активно начали изучать искусственный интеллект. Продвижение было медленным и не приносило впечатляющих результатов. Конечная цель этих исследований заключалась в построении компьютеров, действующих таким образом, что по результатам работы их невозможно было бы отличить от человеческого разума.

К концу 50-х годов все эти исследования выделились в новое более самостоятельное научное направ-